

Маңғыстау облысының білім беру ұйымдарында әскерге шақырылғанға дейінгі және әскерге шақыру жасындағы оқушылардың 2005-2006 оқу жылындағы бастапқы әскери даярлығын ұйымдастыру және оны өткізу туралы

Маңғыстау облысы әкімінің 2005 жылғы 23 тамыздағы N 6 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет департаментінде 2005 жылғы 22 қыркүйекте N 1918 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 08 шілдедегі N 74 -III Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бастапқы әскери даярлау туралы" 1996 жылғы 01 қарашадағы N 1340 қаулысына сәйкес, **ШЕШЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған "Маңғыстау облысының оқу орындарында, 2005-2006 оқу жылында бастапқы әскери даярлықты (БӘД) ұйымдастырып және оны өткізудің" негізгі іс-шараларының Жоспары (бұдан әрі іс-шаралар Жоспары) бекітілсін .

2. Қалалар мен аудандардың әкімдері, білім, денсаулық сақтау, төтенше жағдайлар жөніндегі (келісім бойынша), қорғаныс істері жөніндегі Департаменттері (келісім бойынша) және дене тәрбиесі және спорт басқармасы іс-шаралар жоспарын орындау жөнінде барлық қажетті шараларын алсын.

3. Маңғыстау облысының қорғаныс істері жөніндегі Департаменті, осы іс-шаралар жоспары орындалуының барысын оқу жылының қорытындысы бойынша облыс әкіміне хабарласын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары С.Б.Керелбаевқа жүктелсін.

Әкім

Б. Палымбетов

Маңғыстау облысы әкімінің
2005 жылғы 23 тамыздағы

N 6 шешіміне қосымша

Маңғыстау облысының оқу орындарында 2005-2006 оқу жылында бастапқы әскери даярлықты (БӘД) ұйымдастырып және оны өткізудің негізгі іс-шараларының ЖОСПАРЫ

N	Іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Орындалуына жауаптылар
1	2	3	4
I. Бастапқы әскери даярлыққа басшылық жасау			
1	Оқу жылының қорытындысын шығару, талдау-жүргізу	2005 жылғы	Маңғыстау облысының қорғаныс істері

	және БӘД, жастардың әскери-патриоттық және дене шынықтыру даярлығының жай-күйі туралы облыс әкімін хабардар ету	шілде, тамыз	жөнiндегi департаментi (келiсiм бойынша)
2	Бiрiншi оқу жарты жылдығының қорытындысы бойынша облыстық бiлiм департаментi мен мұдделi ұйымдардың бiрлескен отырысын дайындау және оны өткiзу, онда БӘД, жастардың әскери-патриоттық тәрбиесi мен дене шынықтыруын ұйымдастыру және өткiзудi жақсартудың мәселелерiн қарау	2 0 0 6 жылғы қаңтар	Маңғыстау облысының бiлiм департаментi
3	Облыстың оқу орындарын БӘД ұйымдастырушы-оқытушыларымен жасақтау жөнiндегi жұмысты жандандыру, ол үшін келешектiк жасақтау жоспарын қайта қарау, қажетiне қарай толықтыру	тұрақты жоспар бойынша	Маңғыстау облысының бiлiм департаментi, Маңғыстау облысының қорғаныс iстерi жөнiндегi департаментi (келiсiм бойынша)
4	Қарағанды және Талдықорған педагогикалық институттарына және Астана қаласындағы Аграрлық университетi жанындағы бiлiм көтеру курсына БӘД және дене тәрбиесi оқытушыларын даярлау үшін кандидаттарды iрiктеу жөнiндегi жұмысты жүргiзу	тұрақты жоспар бойынша	Маңғыстау облысының бiлiм департаментi, Маңғыстау облысының қорғаныс iстерi жөнiндегi департаментi (келiсiм бойынша)
5	БӘД, ӘПТ жүргiзу және оқу-материалдық базасын жасау мәселелерi бойынша облыстық бiлiм беру мекемелерiне практикалық көмек көрсетудi жүзеге асыру	оқу жылы iшiнде	Маңғыстау облысының мұғалiмдер бiлiмiн жетiлдiру институты
6	Жалпы бiлiм беретiн мектептердiң 10 класс, КТМ бiтiрер алдындағы курстар және АООО-оқушыларымен ұсынылған бағдарлама бойынша 6-күндiк (48 сағат) оқу-дала (лагерлiк) жиындарын ұйымдастыру және оны өткiзу	2 0 0 6 жылғы мамыр, маусым	Қалалар мен аудандардың әкiмдерi, Маңғыстау облысының бiлiм департаментi, Маңғыстау облысының қорғаныс iстерi жөнiндегi департаментi (келiсiм бойынша)
7			

	Облыстың оқу орындарында БӘД сабағын өтетін оқушы жастарды диспансеризациядан өз уақытында өткізу	2005 жыл қазанға дейін	Қалалар мен аудандардың әкімдері, Маңғыстау облысының денсаулық сақтау департаменті, Маңғыстау облысының білім департаменті
8	Облыстың оқу орындарындағы бастапқы әскери даярлықтың, әскери-патриоттық және дене тәрбиесінің жай-күйіне тексеру жүргізу	кестеге сәйкес	Маңғыстау облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті (келісім бойынша), Маңғыстау облысының білім департаменті, Маңғыстау облысының ТЖ жөніндегі департаменті (келісім бойынша)

II. БӘД оқу-материалдық базасын жасау және оны жетілдіру

9	Білім беру ұйымдары мен басқа да мүдделі ұйымдар БӘД-тың оқу-материалдық базасының барлық элементтерін жабдықтауға қаражат бөлу мүмкіндігін іздестіру, пневматикалық винтовкаларды сатып алу және мектеп тирлерін құру, қазіргі заманға сай техникалық оқыту құралдарын сатып алу және бөлмелерді жанарту	жыл ішінде	Қалалар мен аудандардың әкімдері, Маңғыстау облысының білім департаменті
10	Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бастапқы әскери даярлау туралы" 1996 жылғы 01 қарашадағы N 1340 қаулысының 42-тармағына сәйкес аудан мен қалаларда қорғаныс - спорттық сауықтыру лагерлерін құру мәселесін қарау, ол жөнінде облыс әкімшілігіне ұсыныс енгізу	2006 жылғы мамырға дейін	Қалалар мен аудандардың әкімдері, Маңғыстау облысының білім департаменті, Маңғыстау облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті (келісім бойынша)

III. Оқу-әдістемелік жұмыс

11	Білім беру ұйымдары, қорғаныс істері жөніндегі басқармамен және бөлімдерімен бірлесіп БӘД оқытушы-ұйымдастырушыларын аттестациялауды өткізу.	2006 жылғы сәуір, мамыр	Аудандық (қалалық) білім және спорт бөлімдері, қорғаныс істері жөніндегі бөлімдер (басқарма) (келісім бойынша)
12	Қорғаныс істері жөніндегі басқарма және бөлімдері жанындағы штаттан тыс әдістемелік		

	кеңестердің жұмысын жандандыру. Кеңес мәжілістерінде секция басшыларын тоқсан ішінде кемінде бір рет тыңдау.	кеңестің жоспары бойынша	Маңғыстау облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті (келісім бойынша)
13	Оқу орындарында БӘД ұйымдастырушы-оқытушыларының үш күндік оқу-әдістемелік жиынын ұйымдастыру және оны өткізу.	2 0 0 5 жылғы тамыз	Аудандық (қалалық) білім және спорт бөлімдері, қорғаныс істері жөніндегі бөлімдер (басқарма) (келісім бойынша)
14	БӘД ұйымдастырушы- оқытушыларының ай сайынғы бір күндік оқу әдістемелік сабақтарының сапасын жақсарту. Оларды қатаң түрде бекітілген кесте бойынша өткізуге, сабақ өткізуге БӘД оқытушыларын, тәжірибелі педагогтарды, заңгерлерді және штаттан тыс әдістемелік кеңестердің мүшелерін тарту	кестеге сәйкес тұрақты	Аудандық (қалалық) білім және спорт бөлімдері, қорғаныс істері жөніндегі бөлімдер (басқарма) (келісім бойынша)
15	Бастапқы әскери даярлықты өткізудің ұнамды тәжірибесін зерттеу, қорыту және тарату.	жыл ішінде	Маңғыстау облысының мұғалімдер білімін жетілдіру институты, Маңғыстау облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті (келісім бойынша)
16	МСД оқытушыларының сапалы іріктелуі мен орналастырылуын қамтамасыз ету және оларға әдістемелік көмек көрсету	оқу жылы ішінде	Маңғыстау облысының денсаулық сақтау департаменті
17	Оқу-дала (лагерлік) жиындар өткізу кезінде оқу-әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру	2006 жыл сәуір, мамыр	Маңғыстау облысының қорғаныс істері жөніндегі басқарма мен бөлімдері (келісім бойынша)
IV. Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру және дене шынықтыру			
18	Әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысын жандандыру үшін "Атамекен" "Тәрбиенің кешенді бағдарламасын" негізге ала отырып озық тәжірибе жинақтау және оны оқу орындарына тарату	оқу жылы ішінде	Маңғыстау облысының білім департаменті
19	Облыстың оқу орындарында әскери бағыттағы клубтар мен әскери-спорттық секциялардың жұмысын жақсарту және әскери-спорттық мерекелерді өткізуге қаржы бөлу мәселесін шешу	тұрақты	Қалалар мен аудандардың әкімдері, аудандық (қалалық) білім және спорт бөлімдері
20	Әскери-патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысты күшейту үшін мектеп жанындағы мұражайлар мен жауынгерлік және еңбек даңқы мүйістерінің жұмысын жандандыру, олар болмаған	тұрақты	

жерде, оны құру туралы
мәселе қарау және
қаржыландыру

Аудандық (қалалық)

			білім және спорт бөлімдері
V. Әскери оқу орындарына кандидаттар іріктеу жұмысы			
21	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2004 жылғы 03 маусымдағы N 237 "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа мемлекеттердің жоғары әскери оқу орындарына қабылдау ережесін күшіне енгізу туралы" бұйрығына сәйкес әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу жөніндегі жұмыс жоспарын жасап бекіту және жоспар бойынша іс-шараларын жүргізу	2006 жыл ақпан	Маңғыстау облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті (келісім бойынша), Маңғыстау облысының білім департаменті
22	Білім ұйымдары және қорғаныс істері жөніндегі мекемелердің қызметкерлерімен әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу мәселесі бойынша бірлескен кеңестер өткізу	2006 жылғы наурыз	Маңғыстау облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті (келісім бойынша), Маңғыстау облысының білім департаменті

ЕСКЕРТПЕ:

БӘД - Бастапқы әскери даярлық
МСД - Медициналық-санитарлық даярлық
ӘПТ - Әскери-патриоттық тәрбие
КТМ - Кәсіптік техникалық мектеп
АООО - Арнаулы орта оқу орны

ТЖ - Төтенше жағдай